



Қазақстан тарих ғылымы
Сталинизмнің
консервациясы
жылдарында
(1940-1950 жылдардың
ортасы)

Ермұқан Бекмаханов (1915-1966 жылы)

«Қазақтардың Кенесары Қасымов бастаған азаттық күресі(1837-1847)»тақырыбында Мәскеуде кандидаттық диссертация қорғады.

1946 жылы «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында»деген монографиясы бойынша докторлық диссертация қорғады.

Тұңғыш рет ғылыми айналымға «Кенесары-Наурыбай»жырын түсірді.

Қазақ тарихшысы,ғалым Е.Б.Бекмаханов 50 жыл өмір сүріп,оның біраз бөлігін «**Буржуазиялық ұлтшылдар**»қатарында өткізді.





Ә.Х.Марғұлан (1904-1985 жылы)

- ▶ Ә.х.Марғұлан-әдебиеттанушы, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы.
- ▶ 1945 жылы «Қазақ халқының этникалық жырлары» тақырыбында диссертация қорғады.
- ▶ Археология, этнография бойынша зерттеулерінің қортындысы ретінде «Қазақстандағы көне қалалар» (1950 ж.) атты көлемді монографиясы жарияланды.
- ▶ 1958 жылы Қазақстан ғылым академиясының академигі.
- ▶ 1961 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғалым атағын иеленді.

М.Әбдіқалықов А.Панкратова

- ▶ 1943 жылы М.Әбдіқалықов және А.Панкратованың редакциялауымен ***Қазақ ССР тарихы*** еңбегі жарияланды. Қазақ тарихы турасында шынайы, объективті көзқарас танытты. Бұл еңбекке қазақ, орыс басқа да халықтарының арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар жеткілікті дәрежеде көрсетілмеген деген айыптар тағылды. Осыған орай еңбек пайдаланудан алынып тасталып, орныны түзетілген басылым шығаруға тиіс болды.
- ▶ А.Панкратова мен М. Әбдіқалықовтың бірлесіп жазған еңбегіндегі ***Олқылықтар мен қателерді түзету*** мақсатында И.Омаровпен қосылып жариялаған зерттеуінде Әбілхайыр ханның әрекетін халықтың пікірін ескермей жасалған ***бодандыққа қабылдау өтініш*** түрінде сипаттады.

Бекмаханов ісі

- ▶ Б.Д.Грековтың жетекшілігімен пікірталас болды.
- ▶ Н.Дружинин,М.Вяткин,С.Бахрушин қатысты.
- ▶ Х.Айдарова кеңейтілген сөз сойледі.
- ▶ Т.Шойынбаевтің және М.Ақынжановтың сын пікірлері оқылды.
- ▶ Х.Айдарова кітап туралы-саясатқа қарсы,идеясыз,пайдасыз.
- ▶ 1948-1951 жылдары Бекмаханов ісі аяқталып,*кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізді*деген айып тағылып,25 жылға бостандығынан айырылды.



М.П.Вяткин

Негізгі еңбектері:

«Очерки по истории Казахской ССР» 1941 жылы, Ленинград қ. шықты

Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған қозғалысты зерттеген. Еңбек **«Батыр Сырым»** деген тақырыппен Мәскеуде 1947 жылы басылып шықты.

ҚазКСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

1946 ЖЫЛЫ

- 1946 жылы 1 шілдеде **Қазақстан Ғылым академиясы** салтанатты түрде ашылды. Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақстандық геология мектебінің негізін салушы, академик, әлемге танымал ғалым **Қ.И.Сәтбаев** сайланды. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының құрылуы республиканың табиғи ресурстарын неғұрлым толық зерттеуге және пайдалануға, оның экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің өркендеп өсуіне кең мүмкіндіктер ашты.

ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Тарих және археология институты Тарих секторының негізінде қаланды, ол келесі тақырыптар бойынша зерттеулерді жүргізді: Ұлы Қазан төңкерісі, қазақ мемлекеттілігі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел, қазақ халқының этногенезісі, төңкеріске дейінгі және кеңестік кезеңде қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы. Сонымен қатар, археологиялық, этнографиялық зерттеулер жүргізілді.



Есмағамбет Самұратұлы Ысмайылов

- ▶ Е.Ысмайылов қалижан бекхожинмен бірігіп 1941 жылы кенесары, наурызбай және олардың батырлары жайындағы жыр-дастандар мен аңыз-әңгімелер жинағын баспаға әзірлеген. Алғы сөзі мен түсініктемесін жазған. Көлемі 30 баспа табақ (қазксер ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, №1328 бума). Қазақ ертегілерін жинау, жүйелеу, жариялау және зерттеу істеріне белсене араласқан.
- ▶ 1940 жылы «әдебиет теориясының мәселелері» дейтін оқу құралын жариялады.
- ▶ Сәкен, қасым, тайыр, жұмағали поэзиясы жөніндегі зерттеулерінде және «сын мен шығарма» (1960), «жаңа белеске» (1962), «әдебиет жайлы ойлар» (1968) атты еңбектерінде сыншылық, ғалымдық қабілеттерін көрсете білген.



Бекежан Сүлейменов

НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕРІ:

«Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX и начале XX в.» (Москва), «Реформы 1867-1868 гг. в Казахстане», «Казахстан в составе России в XVIII - начало XX века», «Амангелді Иманов - Қазақстан азаматтық соғысының батыры», «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс», «Қазақстандағы 1905-1907 жылдардағы революция».

Қорытынды

- ▶ Ә. Марғұлан секілді талантты зерттеушілер ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Әдебиетші ғалымдардың бір тобы «Кенесарыны дәріптеушілер» ретінде де айыпталды. 1947 жылы жарияланған «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» атты монографиялық зерттеудің авторы, талантты тарихшы ғалым Е. Бекмаханов жазықсыз қудаланып, 25 жылға сотталады. Оның көзқарасын жақтап, ғылымға адалдық танытқан тарихшылар да қудаланды. Қазақстандық ғалымдардың жазықсыз жазалануына араша болуға ұмтылған республиканың Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ. Сәтбаев қызметінен босатылып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады.
- ▶ Тек қана 1956 жылы КОКП-ның ХХ съезінде сталиндік жеке басқа табынушылық әшкереленіп, айыпталғаннан кейін жазықсыз тұлғаларды қудалау саясаты токтатылды. Солай дегенмен де еркін ойлайтын, демократиялық тәртіпті жақтағандар әдеттегідей түрмелерге жабылды